

А. Алшынбекова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 2-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: А. А. Қалиев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы

БАЛҚАШ КӨЛІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚР 2004-2015 ж.ж. арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына сәйкес, Қазақстан су ресурстарына тапшы елдердің санатына жатқызылған¹. Себебі қазіргі таңда су объектілерін тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындары, қалалардың коммуналдық қызметтері қарқынды ластауда және ол нақты экологиялық қауіп қатер төндіреді. Қазақстанда неғұрлым жоғары ластанудың көзі бар су объектілеріне Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері, Балқаш көлі жатады. Соның ішінде мақаламың мазмұнына тиек болып отырған су объектісі Балқаш көлі табылады.

Қазіргі таңда эколог ғалымдары тағы бір экологиялық апаттың туындауын болжайды. Олардың пікірінше, Балқаш көлінің құрғап кету қаупі бар. 3 млн. халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті суды қамтамасыз ететін Балқаш көлі құрғап кетпей ма деп қауіптенеді. Балқаш көлі суының төмендеуі көбеймесе азая түспейді. Ол Арал теңізінің зардабын шекпек. Сол себепті Балқаштың қазіргі жағдайы ерекше назар аударарлық. Көл жағалаулары батпақтанып, сорланып, тақырлар мен шөлдерге айналуға мүмкін су деңгейінің төмендегеніне табиғи өзгерістер де ықпал еткен шығар. Алайда, Балқаш көліне кері қауіп төндіретін басты күш — ол антропогендік (өнеркәсіптік-шаруашылық) әсер. Балқаш көлі бойындағы мыс комбинаты, Приозер, Ақсүйек кен рудаларын байыту кешендері, Сарышаған полигоны және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттары өз зардабын тигізіп отыр. Іле өзенінде Қапшағай СЭС-нің салынуына байланысты көлдің гидрологиялық режимі өзгерді: деңгейі төмендеді, тұздылығы артты, су қабаттарының өзара араласуы баяулады, т. б.

Сонымен қатар, бір экологиялық проблема екінші экологиялық проблема туғызып отыр. Яғни, Балқаш экожүйесінің фаунасы мен флорасы зардап шегуде. Балық аулау соңғы жылдары 5 есе төмендесе, уылдырық шашу (Қапшағай су қоймасы) тіпті азайды.

Сонымен қатар, Балқаш көліндегі балық қорын қорғау және балық аулау ержесінің сақталуына қарсы жасалған заңсыз іс әрекеттерде жиілей түсуде. Оның салдарынан Балқаш көлінің балық қорына мыңдаған шығындар келуде. Балқаш көлінің балық қорына заңсыз балық аулаушылар әрекеттерінен келтірілген шығын 2008 ж. 197 414 теңгені, ал 2009 жылдың 9 айына 303 033 теңгені құрайды².

Балық инспекциясының мәліметтері бойынша 2008 ж. Балқаш көлінде ресми түрде балық аулаумен 57 табиғатпайдалаушылар айналысқан, ал 17 865 торлар мен 89 аулар тіркелген балықшылардың жалпы штаты 1209 адам³. Және де атап өтетін маңызды жайт, «Балық шаруашылығының Қазақ ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Балқаш филиалының мәліметтері бойынша балықшылардың көпшілігі аулауға тиым салынған қытайдың моножіптен (моноталшықтан) жасалған ауларын қолданады. Аулармен аулау тралдау (балықты кеме үстінен ауды су түбіне тастау арқылы жоғары шығару) режимінде жүзеге асырылады, бұл әдіс азықты ағзалардың жойылуы мен көл түбі беткі қабатының органикалық және минералдық түзілімдерінің бұзылуына әкеліп соқтырады⁴. Сондықтан мұндай аулар мен аулау әдістерді қолданудың тыйым салу қажет.

Балқаш көлін құтқару — бүгінгі күннің талабы. Мұндай экожүйеден айырылу Қазақстанды ғана емес, Еуразияны да бұрын-соңды болмаған экологиялық апаттың ошағына айналдыруы мүмкін. Сондықтан қолда бар су ресурстарының санын ұлғайту мен сапасын жақсарту, су жетіспеушілі бар өңірлерде өзен ағынын реттеу мен суды қайта бөлу және Балқаш көлі балық қоры мөлшерін сақтауды қамтамасыз ету мен өсімін молайту жөніндегі жұмыстарды тиісті деңгейге қойып, қарқындату қажет.

-
- ¹ ҚР Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы.
- ² Қарағанды табиғатты қорғау прокуратурасының Балқаш көліне тексеріспен шығу нәтижелерінің анықтамасы. — Қарағанды. 2009. 26. 10.
- ³ Сонда болды.
- ⁴ Сонда болды.